

2026



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН
РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІ

НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАР

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ
ҚАДАҒАЛАУ САЯСАТЫНЫҢ 2026
ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЫ

Наурыз, 2026 жыл

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
1-БӨЛІМ. 2025 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ	4
1-тарау. Макроқаржылық орта және бағалы қағаздар нарығы секторының тұрақтылығы	Ошибка! Закладка не определена.
1.1. 2025 жылғы макроэкономикалық және қаржылық жағдайлар	Ошибка! Закладка не определена.
1.2. Бағалы қағаздар нарығы секторының жағдайы және негізгі көрсеткіштер ...	5
2-тарау. Бағалы қағаздар нарығын реформалау	6
2.1. Рейтингтік қызмет туралы жаңа Заң жобасын әзірлеу	6
2.2. Инвестициялық қорлар туралы жаңа Заң жобасын әзірлеу	8
2.3. Капиталдың жаһандық нарықтарымен интеграцияны күшейту	10
2.4. Инвестициялық сұранысты ынталандыру	10
2.5. Қаржы құралдары ұсынысын кеңейту және бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымын дамыту	11
3-тарау. 2025 жылғы тәуекелге бағдарланған қадағалаудың қорытындылары....	11
3.1. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын тәуекелдерді бағалау жүйесі (RASS)	11
3.2. Есеп формаларын жетілдіру	12
3.3. Алгоритмдік сауда	13
3.4. Зейнетақы активтерін жеке басқаруды дамыту	13
3.5. Құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына арналған пруденциялық реттеуді қайта қарау	14
3.6. Бағалы қағаздар нарығында манипуляция	14
3.7. Бақылау бағалау жүйесінің жаңа жүйесі.....	15
3.8. Инфрақұрылымдық ұйымдарға бақылау	16
3.9. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты бақылау шаралары мен санкциялар	16
2-БӨЛІМ. 2026 ЖЫЛҒЫ БАСЫМДЫҚТАР	17
4.1. 2030 жылға дейінгі қор нарығын дамыту бағдарламасы	17
4.2. Бағалы қағаздар нарығы туралы жаңа Заң жобасын әзірлеу	20
5-тарау. 2026 жылғы бақылау циклі	20
5.1. Бақылау бағалауінің жаңа жүйесін енгізу жоспары	20
5.2. Алготрейдинг пен сауда платформаларына пруденциялық реттеу мен бақылауды күшейту	21
5.3. Бақылау шараларын кеңейту және лицензиясы жоқ субъектілердің заңсыз қызметіне қарсы іс-қимыл	21

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қадағалау практикасын жетілдіру, реттеушілік шешімдердің ашықтығы мен дәйектілігін арттыру мақсатында жыл сайын бағалы қағаздар нарығындағы қадағалау саясатының басымдықтарын қалыптастырады, нарықтың кәсіби қатысушыларымен және Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығымен талқылаулар ұйымдастырып олардың нәтижелерін жария түрде ашады.

2026 жылы Агенттік бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен ашық және жүйелі жұмысты жалғастырады. 2025 жылдың қорытындыларын ескере отырып, қадағалау назар аударатын негізгі бағыттар айқындалды, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамытудың басымдықтары белгіленді. Аталған бағдарлар нарық инфрақұрылымының тұрақтылығын арттыруға, инвесторлардың құқықтарын қорғауға және оның теңгерімді өсуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Ағымдағы жылы тәуекелге бағдарланған тәсіл шеңберінде Агенттік бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының тәуекелдерін бағалауды жалғастырады және қадағалау моделін жетілдіру, пруденциялық талаптарды күшейту, алгоритмдік сауда мен сауда платформаларының қызметіне бақылауды арттыру, сондай-ақ лицензиясы жоқ субъектілердің заңсыз қызметінің жолын кесу бойынша кешенді шараларды іске асырады.

2026 жылғы 10 ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырмаға сәйкес, Агенттік жаңа «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заң жобасын әзірлеуде және бір мезгілде 2030 жылға дейінгі қор нарығын дамыту бағдарламасын дайындауда. Бұл екі құжат бірыңғай реформаның өзара байланысты элементтері ретінде қалыптастырылып, нарықтың өтімділігін арттыруға, инвесторлар шеңберін кеңейтуге және оның орнықты өсуі үшін жағдай жасауға бағытталған.

Жаңа заң мен Бағдарлама бөлшек және институционалдық инвесторларды тарту, компаниялардың биржаға шығуын ынталандыру, бәсекелі әрі технологиялық сауда инфрақұрылымын дамыту жөніндегі шараларды көздейді. Жұмыс істеудің түсінікті және тұрақты қағидаларын қалыптастыруға, әкімшілік кедергілерді азайтуға және нарыққа деген сенімді нығайтуға ерекше назар аударылады. Бұл жиынтығында сауда көлемінің ұлғаюын, инвестициялық белсенділіктің артуын және экономиканы қаржыландырудағы капитал нарығының рөлінің күшеюін қамтамасыз етеді.

Осы құжатта 2025 жылы бағалы қағаздар нарығындағы қадағалау саясатының негізгі бағыттарын іске асыру нәтижелері ұсынылып, сондай-ақ 2026 жылға арналған жоспарлар айқындалған.

1-БӨЛІМ. 2025 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

1-тарау. Макроқаржылық орта және бағалы қағаздар нарығы секторының тұрақтылығы

1.1. 2025 жылғы макроэкономикалық және қаржылық жағдайлар

2025 жылы сыртқы экономикалық орта геосаяси фрагментацияның сақталуы және протекционистік саясаттың күшеюі, соның ішінде тарифтік кедергілердің кеңейуі салдарынан күрделі күйінде қалды. Бұл әлемдік сауданың, инвестициялық белсенділіктің және жаһандық экономикалық өсім қарқынының баяулауына ықпал етті.

Күрделі жаһандық экономикалық үдерістер аясында Қазақстан экономикасы тұрақты өсу серпінін сақтап, 2024 жылғы 5,0%-бен салыстырғанда 6,5%-ға дейін жеделдеді. ЖІӨ өсімінің жеделдеуіне экономиканың саудаға бағдарланған (өндірістік) секторының 8,7%-ға озық өсуі негізгі серпін берді, ал саудаға жатпайтын секторда (қызмет көрсету) өсім 5,2% деңгейінде тіркелді. Бұл ретте өнеркәсіп өндірісінің құрылымында өңдеу өнеркәсібінің үлесі (48,3%) артып, тау-кен өндіру секторынан (45,2%) асып түсті, бұл экономиканың неғұрлым әртараптандырылған әрі өнімді салаларына қарай өсу көздерінің біртіндеп ығысуын көрсетеді.

Сонымен қатар, экономиканың қарқынды дамуы инфляциялық үдерістердің күшеюімен қатар жүрді. Бұған ұсыныс мүмкіндіктерінен асып түсетін орнықты ішкі сұраныстың сақталуы, тарифтік реформаның жанама әсерлері және жанар-жағармай нарығын ырықтандыру ықпал етті. Қосымша қысымды әлемдік азық-түлік бағасының өсуі көрсетті. 2025 жылдың қорытындысы бойынша инфляция 12,3%-ды құрап, бір жыл бұрынғы 8,6%-бен салыстырғанда жеделдеді. Инфляцияның үдеуіне байланысты Ұлттық Банк 2025 жылғы қазанда базалық мөлшерлемені жылдық 18,0%-ға дейін көтеріп, инфляциялық қысымды төмендетуге және инфляциялық күтулерді тұрақтандыруға бағытталған қалыпты қатаң ақша-кредит шарттарын қалыптастырды.

Қаржы секторының тұрақтылығы сақталуда, оның геосаяси және макроэкономикалық сын-қатерлерге төзімділігі жоғары деңгейде қалып отыр. Қаржы секторы жеткілікті капитал буферлерін қалыптастырды, өтімділік бойынша тұрақты позицияларын сақтап келеді, ал проблемалық активтердің үлесі төмен деңгейде қалуда. Сонымен қатар, 2025 жылы қадағалау және бақылау функцияларының күшеюін атап өткен жөн, бұл болашақта қаржы нарығындағы әлеуетті тәуекелдерді және активтер сапасына қатысты жүйелік проблемаларды төмендетуге ықпал етуі тиіс.

Күрделі жаһандық экономикалық үдерістер аясында Қазақстан экономикасы тұрақты өсу динамикасын сақтап, 2024 жылғы 5,0%-бен салыстырғанда 6,5%-ға дейін жеделдеді. ЖІӨ өсімінің негізгі қозғаушы күші ретінде экономиканың саудаға бағдарланған (өндірістік) секторының 8,7%-ға

дейін өсуі қызмет етті, ал саудаға жатпайтын секторда (қызмет көрсету) өсім 5,2% деңгейінде тіркелді. Сонымен бірге, өнеркәсіп өндірісінің құрылымында өңдеу өнеркәсібінің үлесі (48,3%) артып, тау-кен өндіру секторынан (45,2%) озып, экономиканың өсу көздері біртіндеп әртараптандырылған және өнімді салаларға қарай ауысқанын көрсетті.

Сонымен қатар, экономиканың қарқынды дамуы инфляциялық үдерістердің күшеюімен бірге жүрді. Бұған ұсыныс мүмкіндіктерінен асып түсетін орнықты ішкі сұраныстың сақталуы, тарифтік реформаның жанама әсерлері және жанар-жағармай нарығын ырықтандыру ықпалы әсер етті. Қосымша қысымды әлемдік азық-түлік бағасының өсуі көрсетті. 2025 жылдың қорытындысы бойынша инфляция 12,3%-ды құрап, бір жыл бұрынғы 8,6%-бен салыстырғанда жеделдеді. Инфляцияның үдеуіне байланысты Ұлттық Банк 2025 жылғы қазанда базалық мөлшерлемені жылдық 18,0%-ға көтеріп, инфляциялық қысымды төмендетуге және инфляциялық күтулерді тұрақтандыруға бағытталған қалыпты қатаң ақша-кредит жағдайларын жасады.

Қаржы секторының тұрақтылығы сақталуда, оның геосаяси және макроэкономикалық сынақтарға төзімділігі жоғары деңгейде. Қаржы секторы жеткілікті капитал буферлерін қалыптастырды, өтімділік бойынша тұрақты позицияларын сақтап келеді, ал проблемалық активтердің үлесі төмен деңгейде қалуда. Сонымен қатар, 2025 жылы қадағалау және бақылау функцияларының күшеюін атап өту қажет, бұл болашақта қаржы нарығындағы әлеуетті тәуекелдерді және активтердің сапасына қатысты жүйелік проблемаларды төмендетуге ықпал етеді.

1.2. Бағалы қағаздар нарығы секторының жағдайы және негізгі көрсеткіштер

2025 жылы Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар нарығы барлық негізгі сегменттерде тұрақты өсу көрсеткішін танытты – акциялар, корпоративтік және мемлекеттік облигациялар, ұжымдық инвестициялар және институционалдық инфрақұрылым секторы бұл өсуге үлес қосты. Бұл эмитенттер мен инвесторлардың санының артуы және нарықтың кәсіби қатысушыларының қаржылық көрсеткіштерінің нығаюымен қатар жүрді.

Жыл қорытындысы бойынша акциялар нарығының капитализациясы 39,0 трлн теңгеге жетіп, 18,7%-ға өсті, ал KASE индексі 26,1%-ға көтеріліп, 7 031,32 пунктті құрады. Сауда тізімдерінде 74 қазақстандық эмитенттің 87 атаулы акциясы болған, ал «KASE Global» секторында 47 акция және 21 ETF 59 шетелдік эмитентке қатысты саудаланған. Акциялар бойынша сауда көлемі 22,0 млрд теңгені құрады.

Биржада корпоративтік қарыз көлемі 16,2 трлн теңгеге жетіп, 18,5%-ға өсті. Корпоративтік облигациялар бойынша бастапқы нарықтағы көлем 895,8 млрд теңгені құрап, жылдың басынан бері 50%-дан астам өсті. 2026 жылғы 1 қаңтар жағдайына сауда тізімінде 154 эмитенттің 703 корпоративтік

облигациясы болса, бір жыл бұрын 126 эмитенттің 511 шығарылымы болған. Корпоративтік облигациялар екінші нарығында физикалық тұлғалардың үлесі 16,0%-ды құрады.

KASE-де саудаланатын мемлекеттік қарыздың номиналды сомасы 31,9 трлн теңгеге жетіп, жыл ішінде 18,0%-ға өсті. Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығындағы сауда көлемі 284,0 млрд теңгені құрады, ал екінші нарықта негізгі инвесторлар банктер (45,1%) және басқа заңды тұлғалар (50,2%) болды.

Ұжымдық инвестициялар секторында 59 пай қорлары жұмыс істеді, ал инвестициялық қорлардың жалпы активтері 423,3 млрд теңгені құрады. Жеке басқарушылардың басқаруындағы зейнетақы активтері 35,7%-ға өсіп, 88,5 млрд теңгеге жетті. Пай иелерінің саны 11 580 физикалық және 139 заңды тұлғаны құрады.

Нарықтың институционалдық құрылымына 42 брокер және/немесе дилер, 21 инвестициялық портфельді басқарушы, 12 кастодиан және 4 трансфер-агент кірді, сондай-ақ инфрақұрылымдық ұйымдар – Қазақстан қор биржасы, KASE клиринг орталығы және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ болды. Орталық депозитарийдің номиналды есеп шоттар жүйесіндегі есепшоттар саны 44,6%-ға өсіп, 5 061,8 мың есепшотқа жетті.

Брокерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылардың жалпы активтері 600,1 млрд теңгені, міндеттемелері 145,8 млрд теңгені (39,5%-ға төмендеу), меншікті капиталы 454,4 млрд теңгені (14,0%-ға өсу) құрады, оның ішінде 60,9%-ы бағалы қағаздар портфеліне тиесілі болды. Жалпы, 2025 жылғы динамика нарық көлемінің кеңеюін, оның инфрақұрылымының нығаюын және кәсіби қатысушылардың капитализациясының жеткілікті деңгейде сақталуын көрсетті.

2-тарау. Бағалы қағаздар нарығын реформалау

2.1. Рейтингітік қызмет туралы жаңа Заң жобасын әзірлеу

Қаржы секторының 2030 жылға дейінгі даму тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында 2025 жылғы қарашада Қазақстан Республикасының Парламентіне «Рейтингітік қызмет туралы» және «Рейтингітік қызмет мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары енгізілді.

Заң жобасының негізгі мақсаты – Қазақстан Ұлттық Банкінің капиталы қатысатын қазақстандық рейтинг агенттігін құру, сондай-ақ халықаралық рейтинг агенттігін стратегиялық серіктес ретінде тарту мүмкіндігін қарастыру. Өз рейтингтік институтын қалыптастыру ішкі несие тәуекелдерін бағалау жүйесін дамытуға, капитал нарығының ашықтығын арттыруға және жаһандық рейтинг агенттіктерінің шектеулі санына тәуелділікті азайтуға бағытталған. Бұл инвесторлардың сенімін арттыруға және ішкі облигациялық нарықты дамытуға ықпал етеді.

Заң жобасы жетекші халықаралық ұйымдардың, соның ішінде бағалы қағаздар комиссияларының халықаралық ұйымы IOSCO ұсыныстарын ескере отырып әзірленген. IOSCO несие рейтингтік агенттіктерінің кәсіби іс-әрекетінің негізгі қағидаларын қалыптастырады және бағалы қағаздар нарығын реттеудің мақсаттарын анықтайды. Атап айтқанда, IOSCO-ның 22-принципі несие рейтингтік агенттіктерінің қызметін реттеуді енгізу қажеттілігін қарастырады.

Сондай-ақ, заң жобасында Базель банктік қадағалау комитетінің талаптары ескерілген, ол Базель II және Базель III шеңберінде несие тәуекелдерін бағалау институттарына қойылатын біліктілік талаптарын анықтайды.

Заң жобасы несие рейтингтік агенттіктерін реттеудің негізгі қағидаларын белгілейді:

- рейтингтік қызметтің сапасы мен адалдығы;
- рейтингтік қызметті жүзеге асыруда тәуелсіздік;
- рейтингтік қызметті жүзеге асыруда мүдделер қақтығысының алдын алу;
- рейтингтік қызметтің ашықтығы;
- рейтингтік қызметті жүзеге асыру кезінде құпиялықты сақтау.

Заң жобасы несие рейтингтік агенттіктерін келесі түрде жіктеуді қарастырады:

Халықаралық рейтинг агенттігі – рейтингтік қызметті жүзеге асыратын және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдердің қаржы реттеушілері мен уәкілетті орган тарапынан танылған агенттік.

Шетелдік рейтинг агенттігі – шетел заңнамасына сәйкес құрылған, рейтингтік қызметті жүзеге асыратын, сол шетелдің қаржы реттеушілері мен уәкілетті органымен танылған, бірақ халықаралық рейтинг агенттігі болып саналмайтын агенттік.

Қазақстандық рейтинг агенттігі – акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған, оның құрылтайшыларының бірі Қазақстан Ұлттық Банкі болып табылатын және рейтингтік қызметті заңға және құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын агенттік.

Рейтингтік агенттіктердің қызметін реттеу қағидаларын жүзеге асыру мақсатында заң жобасында корпоративтік басқару жүйесіне, мүдделер қақтығыстарын басқаруға, ақпаратты ашуға, ішкі бақылауды ұйымдастыруға және рейтингтік қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптар белгіленген.

Заң жобасына сәйкес, уәкілетті орган несие рейтингтік агенттіктерін реттеу саласында мынадай өкілеттіктерге ие болады:

- халықаралық және шетелдік рейтинг агенттіктерін белгіленген талаптарға сәйкестігін мойындау;
- қазақстандық рейтинг агенттігінің рейтингтік қызмет заңнамасын сақтауын тексеру;

- рейтингтік қызметке қатысты физикалық және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;
- қазақстандық рейтинг агенттігінің ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптарды белгілеу;
- қазақстандық рейтинг агенттігіне шектеулі ықпал шараларын қолдану және т.б.

Осылайша, заң жобаларын қабылдау бәсекеге қабілетті қазақстандық рейтинг агенттігін қалыптастыруға, оны халықаралық нарық қатысушыларымен тең деңгейде жұмыс істеуге мүмкіндік беруге, сондай-ақ отандық компаниялар, оның ішінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін сапалы рейтингтік қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

2.2. Инвестициялық қорлар туралы жаңа Заң жобасын әзірлеу

2030 жылға дейінгі инвестициялық саясат тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында 2025 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Парламентіне «Инвестициялық қорлар туралы» және «Инвестициялық қорлар қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары енгізілді.

Аталған заңдардың қабылдануы Қазақстанда заманауи және тұрақты ұжымдық инвестициялау жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Бұл жүйе халық пен институционалдық инвесторлардың қаражаттарын жинақтап, оларды экономиканың түрлі секторларына ашық нарықтық құралдар арқылы бағыттауға мүмкіндік береді. Өзгерістерді енгізу азаматтарға инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейтуге, қаржы нарығына сенімділікті арттыруға, қаражат салудың түсінікті және қорғалған механизмдерін құруға, сондай-ақ ұзақ мерзімді капитал ағынын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң жобасы инвестициялық қорларға арналған IOSCO (Бағалы қағаздар комиссияларының Халықаралық ұйымы) ұсыныстарына негізделген. Бұл ұсыныстар ұжымдық инвестиция нарығында қызметтің ашық ережелерін белгілеу, инвестициялық қорлардың құқықтық формасы мен құрылымын анықтау, ақпаратты ашу және инвесторларды қорғау, сондай-ақ инвестициялық қорларға тиісті қадағалауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Заң жобасын әзірлеу кезінде инвестициялық қорлардың қызметін реттеудің үздік халықаралық тәжірибесі қолданылды, оның ішінде Еуропалық одақ елдерінде, АҚШ-та, Ұлыбританияда және Мароккода қолданылатын UCITS (Undertakings for Collective Investment in Transferable Securities) және AIF (Alternative Investment Funds) қорларының тұжырымдамалары ескерілді.

Заң жобасы үш блоктық түзетулерді енгізеді, олар бөлшек инвесторлардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуге, ұжымдық инвестициялар нарығындағы тәуекелдерді азайтуға және нарықтың ашықтығын арттыруға бағытталған.

Біріншіден, инвестициялық қорларды құру формалары бойынша заңнаманы либерализациялау ұсынылады. Акционерлік қоғам және пайлық инвестициялық қор формаларына қосымша, инвестициялық қорларды

жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) және қарапайым серіктестік (ҚС) формасында құру мүмкіндігі қарастырылған. ЖШС және ҚС формасында инвестициялық қорларды құру жеке инвесторлар үшін нарыққа кіру шегін төмендетіп, бұрын тек ірі бизнес пен институционалдық инвесторларға қолжетімді стратегияларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, заң жобасы ұжымдық инвестициялаудың әртүрлі схемаларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді, оның ішінде подчиненная құрылымдағы қорлар (master-feeder funds) және зонтикалық құрылымдағы қорлар (umbrella funds). Бұл бір құқықтық құрылым шеңберінде әртүрлі стратегиялары бар бірнеше дербес инвестициялық қорларды (субқорларды) құруға мүмкіндік береді. Мұндай механизмдерді енгізу инвесторларға өз жинақтарын тиімді басқаруға және тәуекел деңгейіне, күтілетін кіріске және салық шарттарына сәйкес инвестициялық өнімдерді таңдауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, жоғары тәуекелді активтермен операцияларға шектеу қою арқылы инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау күшейтіледі. UCITS және AIF қорларының тұжырымдамасына сәйкес қорлардың жаңа жіктелуі енгізіледі. Қорлар екі категорияға бөлінеді – ұжымдық инвестициялық қорлар және альтернативтік инвестициялық қорлар.

Ұжымдық инвестициялық қорлардың активтеріне қолжетімділік барлық инвесторлар үшін қамтамасыз етіледі, себебі олар жоғары өтімді және төмен тәуекелді құралдарда (қор нарығы, ақша нарығы және валюта нарығы құралдары) орналастырылады.

Альтернативтік инвестициялық қорларға қолжетімділік тек білікті инвесторлар үшін шектеледі, себебі олар тәуекелді құралдарда (венчурлық капитал, тікелей инвестициялар, тәуекелді капитал) орналастырылады.

Осылайша, ұсынылып отырған түзетулер біліктілігі жоқ нарық қатысушыларын қорғай отырып, білікті инвесторлардың мүмкіндіктерін кеңейтуді қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, венчурлық капитал және тікелей инвестициялар нарығының ашықтығын арттыру шаралары қарастырылған. Венчурлық капитал және тікелей инвестициялар нарығы субъектілеріне өз қызметі туралы ақпаратты ашу міндеттемесі енгізіледі. Қазіргі таңда бұл талап тек пайлық және акциялы инвестициялық қорларды басқарушы кәсіби қатысушыларға ғана қолданылады. Заң қабылданғаннан кейін бұл талап жеке венчурлық қорлар мен тікелей инвестициялық қорларға да қолданылады.

Дүниежүзілік банк пен Еуропалық қайта құру және даму банкі сарапшыларының бағалауынша, заң жобасын қабылдау, сондай-ақ шетелдік инвесторға түсінікті реттеуші орта құру арқылы ұжымдық инвестициялар нарығын одан әрі дамытуға оң әсер етеді.

Сонымен қатар, заң жобасында көзделген реттеу тәсілдері қазақстандық инвестициялық және венчурлық қорларды UCITS және AIF индекстеріне қосуға мүмкіндік береді, бұл шетелдік инвестициялардың қосымша ағынын қамтамасыз етеді.

2.3. Капиталдың жаһандық нарықтарымен интеграцияны күшейту

2025 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының «Қаржы нарығын дамыту, қаржылық қызметтер тұтынушыларының құқықтарын қорғау, байланыс саласы және артық заңнамалық реттеуден босату мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен шетелдік есеп ұйымдарының қызметін жүргізу үшін жағдайлар жасалды. Енді Euroclear және Clearstream сияқты жаһандық кастодиандар өз клиенттерінің Қазақстан бағалы қағаздарындағы меншік құқығын, оларды Орталық депозитарийдегі (бұдан әрі – ОД) есепшоттарында тіркеп, растай алады. Сонымен бірге, қазақстандық банктерге ОД-де жаһандық кастодиандардың есепшоттарын басқару құқығы берілді.

2025 жылы Қазақстан ASEAN+3 облигация нарығы форумына (ASEAN+3 Bond Market Forum) бақылаушы мәртебесімен қосылды. Бұл ұлттық қарыз нарығын стандарттарды үйлестіру арқылы дамытуға жағдай жасайды және Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің нарықтарында инвесторлардың өзара қатысуына қосымша мүмкіндіктер ашады.

Таяу Шығыс елдерінің сауда алаңдарымен интеграция мақсатында KASE халықаралық биржалық хаб Tabadul-ға қосылды, бұл инвесторларға шетелдік алаңдарда, оның ішінде Abu Dhabi Securities Exchange (ADX), Bahrain Bourse (BHB) және Muscat Stock Exchange (MSX) саудасына өзара қолжетімділік берді.

ОД шетелдік депозитарийлермен корреспонденттік қатынастарды кеңейту жұмыстарын жалғастырды. Сауд Арабиясы, Бахрейн, Оман, БАӘ және Мысыр капитал нарықтарына шығуды қамтамасыз ету мақсатында 2025 жылы ОД First Abu Dhabi Bank-те есепшоттар ашты. Түркия және Әзірбайжан нарықтарымен интеграция мақсатында Ziraat Bank Turkey және Әзірбайжан Ұлттық депозитарий орталығында есепшоттар ашылды.

2.4. Инвестициялық сұранысты ынталандыру

2025 жылы инвесторлар базасын дамыту жұмысы жалғастырылды. Эндаумент қорлары туралы Заңды жүзеге асыру аясында ПҰРҚБ үшін эндаумент қорлары активтерін басқару ережелері қабылданды, инвестициялық лимиттер мен эндаумент қорларының қаржы құралдары тізімі бекітілді, сондай-ақ мақсатты капитал қорының активтерін ПҰРҚБ сенімгерлік басқаруға беру міндеттемесі көзделді, егер олардың көлемі 10 000 АЕК-тен асса.

2025 жылғы қазанда Агенттік басқарушылардың қызметін орташа салмақталған көрсеткіштер орнына композиттік индекстер (бенчмарктар) негізінде бағалауға көшу туралы шешім қабылдады. Мұндай тәсіл басқарушыларға салымшыларға тәуекел деңгейін және күтілетін кірісін таңдау мүмкіндігімен үш инвестициялық стратегияны – консервативтік, қалыпты және агрессивтік – ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жеке басқарушылардың зейнетақы активтерін инвестициялау мүмкіндіктерін

кеңейту мақсатында зейнетақы қаражаттарын инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдары тізімі де кеңейтілді.

2.5. Қаржы құралдары ұсынысын кеңейту және бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымын дамыту

Қаржы құралдары ассортиментін дамыту бойынша шаралар қабылданды. 2025 жылғы наурызда KASE-де исламдық пайлық инвестициялық қорының (ИПИК) «Wardat al hayat» пайларымен сауда ашылды.

Агенттіктің «реттеуші құмқорап» аясында 2025 жылғы желтоқсанда KASE-де Цифрлық қаржылық активтер бойынша алғашқы индекс қор іске қосылды.

Сонымен қатар, 2025 жылы қор нарығының инфрақұрылымын дамыту және оның тұрақтылығын арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылды.

Атап айтқанда, KASE клиринг орталығына (КАСС) брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясы берілді, бұл мәмілелерді орындау бойынша есеп айырысуды тек ақшада ғана емес, бағалы қағаздармен де жүргізуге мүмкіндік берді. КАСС-қа Fitch Ratings агенттігі тарапынан болжамы «Тұрақты» деңгейінде BBB- ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі берілді.

Сонымен бірге, ОД-ға Цифрлық қаржылық активтер және классикалық қаржы құралдарының негізгі активін есепке алу және сақтау үшін кастодиалдық қызметті жүзеге асыру лицензиясы берілді.

3-тарау. 2025 жылғы тәуекелге бағдарланған қадағалаудың қорытындылары

3.1. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын тәуекелдерді бағалау жүйесі (RASS)

ПҰРҚБ тәуекелдерін бағалау және қадағалау жүйесі (Risk Assessment and Supervision System – RASS) ПҰРҚБ-ны тәуекел деңгейі бойынша жіктеуге және ПҰРҚБ қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштер кешенін бағалау нәтижелері негізінде сәйкес қадағалау режимін белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіштер келесі факторлық топтарға бөлінеді: 1) жүйелік маңыздылықты бағалау факторы; 2) бизнес-профильді бағалау факторы; 3) тәуекел профилін бағалау факторы; 4) тәуекелдерді басқару жүйесі мен мінез-құлық көрсеткіштерін бағалау факторы.

2025 жылы ПҰРҚБ тәуекелдерін кешенді бағалауды қамтамасыз ететін RASS қадағалау моделі мінез-құлықтық қадағалау бойынша сандық және сапалық көрсеткіштермен толықтырылды, сондай-ақ ПҰРҚБ кейбір есеп формаларының өзгерістеріне байланысты процестерді автоматтандыру бойынша түзетулер енгізілді.

2025 жылғы бағалау нәтижесі бойынша 9 кәсіби қатысушы жоғары тәуекел деңгейіне ие болып, қарқынды қадағалау режимін қажет етеді, 5 кәсіби қатысушы – орташа тәуекел деңгейінде, сәйкесінше орташа қарқынды

қадағалау режиміне жатады, 11 кәсіби қатысушы – төмен тәуекел деңгейінде болып, стандартты қадағалау режимін анықтайды. 2024 жылмен салыстырғанда жоғары тәуекел деңгейіне ие бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының саны 10%-ға (бір қатысушы) азайғаны байқалады, бұл компанияның тәуекелдерінің төмендеуі мен мінез-құлықтық көрсеткіштердің жақсаруы нәтижесінде орын алған.

3.2. Есеп формаларын жетілдіру

2025 жылы Агенттік Ұлттық Банкпен бірлесіп бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының регуляторлық есеп жүйесін модернизациялау бойынша кешенді бастамаларды жүзеге асырды. Агенттіктің ұсыныстары Ұлттық Банк тарапынан қолдау тауып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төралқасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы №110 «Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушылары мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілігін ұсыну ережелерін бекіту туралы» қаулысында (бұдан әрі – №110 Қаулы) бекітілді.

№110 Қаулыға сәйкес ПҰРҚБ мен БЖЗҚ есептілігін ұсынудың жаңа Ережелері бекітілді. Құжат есеп талаптарын жүйелеуге және кодтауға, сонымен қатар бұрынғы бөлшектелген реттеу орнына біртұтас нормативтік базаны қалыптастыруға бағытталған.

№110 Қаулының қабылдануымен 2017–2024 жылдар аралығында қолданыста болған 13 нормативтік-құқықтық акт және олардың құрылымдық элементтері күшін жойған деп танылды, соның ішінде №167 (БЖЗҚ есептілігі), №211 (бағалы қағаздар нарығы лицензияланған тұлғаларының есептілігі), №118 (орталық депозитарий есептілігі) қаулылары мен оларға енгізілген көптеген өзгерістер мен толықтырулар. Осылайша, нарық субъектілерінің әртүрлі категориялары бойынша есептілікті бөлек реттеу тоқтатылып, кезең-кезеңімен енгізілген өзгерістер нәтижесінде қалыптасқан құқықтық массивтің фрагментарлығы жойылды.

Осылайша, жаңа Ережелер Ұлттық Банктің ақпараттық жүйелері арқылы электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып есептілікті қалыптастыру, қол қою және ұсынудың бірыңғай тәртібін белгілейді. Формалардың құрылымы, ұсыну мерзімдері (айлық, тоқсандық және жылдық есептілік) және бұрын берілген деректерді түзету тәсілдері біртұтас етіп үйлестірілді. Орталық депозитарий де жалпы есеп ұсыну режиміне қосылды.

Сонымен қатар, нарық қатысушыларына регуляторлық жүктемені азайту мақсатында №110 Қаулы бойынша есептілікті ұсыну мерзімдері икемдірек және біртұтас етіп бекітілді. Айлық есептілік мерзімі бұрынғы 5 жұмыс күні орнына 7 жұмыс күніне ұзартылды, тоқсандық есептілік үшін біртұтас мерзім – 15 календарлық күн, жылдық есептілік 30 сәуірге дейін ұсынылады. Сондай-ақ, ОД мен БЖЗҚ есеп беру циклдері бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының циклдерімен синхрондалды.

3.3. Алгоритмдік сауда

№110 қаулысына сәйкес, клиенттік және өз активтері есебінен жүзеге асырылатын алгоритмдік сауда автоматтандырылған жүйелерінің пайдаланушылары туралы бөлек есеп беру формасы енгізілді. Бұл алгоритмдік стратегияларды қолданушыларды анықтауға, автоматтандырылған саудаға байланысты тәуекелдерді бақылауды күшейтуге, сондай-ақ адал емес тәжірибелер мен техникалық ақаулардың ықтималдығын азайтуға мүмкіндік береді.

Сауда қатысушылары мен олардың клиенттері арасында алгоритмдік сауданың пайдалану тенденциясының артуын ескере отырып, Агенттік алгоритмдік сауданы реттеу бойынша халықаралық тәжірибені зерттеп жатыр, оның негізінде жаңа қадағалау құралдары әзірленетін болады. Сонымен қатар, тұрақты сауда процесін қамтамасыз ету мақсатында Агенттік KASE-ге жоғары жиіліктегі және алгоритмдік сауда пайдаланушыларын авторизациялау, есепке алу және бақылау тәртібін реттейтін ішкі құжаттарды әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

3.4. Зейнетақы активтерін жеке басқаруды дамыту

2025 жылы зейнетақы активтерді жеке басқару нарығын дамыту мақсатында Агенттік басқарушы компаниялардың инвестициялық қызметінің тиімділігін көрсететін көрсеткіш болып табылатын пенсиялық активтердің минималды кірістілігін есептеудің жаңа тәсіліне құқықтық негіздер әзірледі. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап басқарушы компаниялардың қызметін бағалау жүйесі орташа салмақталған нәтижелерден композиттік индекстерге (бенчмарктерге) бағалау жүйесіне ауыстырылды. Композиттік индекстерге Қазақстан қор нарығының және әлемдік қаржы алаңдарының индекстері енгізілген, бұл басқару нәтижелерін жаһандық экономикалық тенденцияларды ескере отырып объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Жаңа жүйеге өту аясында басқарушы компанияларға тәуекел дәрежесі, күтілетін кірістілік және инвестициялық горизонт бойынша әртүрлі инвестициялық стратегияларды ұсыну мүмкіндігі беріледі. Бұл салымшыларға жеке басымдықтар мен қабылдауға болатын тәуекел деңгейін ескере отырып, оңтайлы инвестициялық профилін өз бетінше анықтауға және әртүрлі инвестициялық тәсілдерді қолданатын бірнеше басқарушы арасында пенсиялық жинақтарды бөлу арқылы активтерді әртараптандыруға мүмкіндік береді.

Қаулыда зейнетақы активтерді инвестициялауға қолжетімді қаржы құралдарының тізімі кеңейтілді. Басқарушы компаниялар облигациялар, акциялар, композиттік индекстерге кіретін мемлекеттік бағалы қағаздар, сондай-ақ осы жаһандық индекстерге арналған ETF сатып ала алады. Шетелдік валютадағы қаржы құралдарына инвестициялау лимиті арттырылды, сонымен қатар аффилиирленгендік лимитінен KASE индексінің акциялық қаржы құралдары шығарылды. Бұл басқарушы компанияларға портфельді әртараптандыру және инвестициялық тәуекелдерді төмендету үшін қосымша мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар тәуекелдерді азайту

мақсатында композиттік индекстен максималды стандартты ауытқу нормасы енгізілген.

3.5. Құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына арналған пруденциялық реттеуді қайта қарау

2025 жылы ПҰРҚБ-ның тұрақтылығын арттыру, бағалы қағаздар портфелін әртараптандыру және активтердің сапасын жақсарту, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Агенттік пруденциялық талаптарды реттейтін нормативтік-құқықтық базаны өзгерістер енгізді. Сәйкес түзетулер келесі актілерге қатысты:

– Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі №79 «Инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің түрлерін белгілеу, пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу ережелері мен әдістемесін бекіту, инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымдар үшін міндетті пруденциялық нормативтерді сақтау» туралы қаулысы;

– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі №80 «Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің түрлерін белгілеу, пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу ережелері мен әдістемесін бекіту, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін міндетті пруденциялық нормативтерді сақтау» туралы қаулысы.

Аталған өзгерістер шеңберінде ПҰРҚБ үшін:

- диверсификация нормативі енгізілді, ол бір эмитентке және оның байланысқан тұлғаларына салынатын инвестиция көлемін жалпы өтімді активтердің 20%-дан аспайтын деңгейде шектейді;
- ПҰРҚБ өтімді активтерін есептеуде дисконт белгіленді: 1 жылға дейінгі мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша – 5%; 1 жылдан ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша – 15%; басқа мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша – 30%.

3.6. Бағалы қағаздар нарығында манипуляция

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес, бағалы қағаздар нарығы субъектісінің және басқа тұлғалардың әрекеттерін бағалы қағаздар нарығында манипуляция жасау мақсатында жасалған деп тану өкілетті орган тарапынан Эксперттік комитеттің қорытындысын қарау нәтижесінде жүзеге асырылады. Эксперттік комитет бағалы қағаздар нарығы субъектісінің әрекеттерін нарықта манипуляция жасау мақсатында жасалған деп тану мәселелерін қарау үшін құрылған.

Эксперттік комитет құрамына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Қаржыгерлер Қауымдастығы, KASE, Орталық Депозитарий

және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі өкілдері кіреді.

2025 жылы Эксперттік комитетке бағалы қағаздар нарығы субъектісінің әрекеттерін нарықта манипуляция жасау мақсатында жасалған деп тану мәселелері бойынша 2 368 күдікті операцияны қамтитын 12 іс қаралды. Аталған істерді қарау нәтижесінде 2 жағдайда манипуляция белгілерінің болуы туралы шешім қабылданды. 2 қатысушыға қатысты 4 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама түзілді.

3.7. Бақылау бағалау жүйесінің жаңа жүйесі

2025 жылы Агенттік кәсіби бағалы қағаздар нарығы қатысушылары үшін тәуекелге бағдарланған тәсілді тереңдетуге, нарыққа сенімділікті арттыруға және инвесторлардың мүдделерін жан-жақты қорғауға бағытталған интеграцияланған бақылау моделін әзірлеуді аяқтап, оны енгізуді бастады. Модель IOSCO халықаралық принциптері, ESMA тәжірибесі, Financial Conduct Authority тәжірибесі, сондай-ақ MiFID II талаптары негізінде жасалған және концептуалды тұрғыдан банктік және сақтандыру секторында қолданылатын SREP және SRES тәсілдерімен салыстырылатын болып табылады. Жүйе төрт өзара байланысты бағыт бойынша құрылымданған: инвесторлардың мүдделерін қорғау, корпоративтік басқару, бизнес-модельді талдау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен бірге негізгі басымдық мінез-құлық компонентіне беріледі – компаниялардың клиенттермен өзара әрекеттесу тәжірибесін және адал емес әрекеттерді болдырмау қабілетін бағалау.

Модель сапалық және сандық талдау құралдарын біріктіреді, бұл ұйымдардың тұрақтылығы, нарықтағы маңыздылығы және капитал жеткіліктілігін кешенді бағалауға, сондай-ақ клиентке қызмет көрсету өмірлік циклінің барлық кезеңінде ішкі процестердің нақты тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. 2025 жылы әртүрлі масштабтағы және бизнес-моделдері бар брокерлік ұйымдар мен басқарушы компаниялардың бірқатарында пилоттық бақылау бағалауы жүргізілді, оның нәтижесінде ішкі құжаттама, нормативтік есеп беру және қатысушылардың басшыларымен сұхбат негізінде әдістемелік тәсіл, индикаторлар тізімі және қорытынды бағалау құрылымы нақтыланды.

2026 жылы модельді енгізу тәжірбиелік кезеңге көшеді, онда брокерлерге тәуекелге бағдарланған мінез-құлықтық бақылауға басымдық беріледі. Басымдық мисселлингтің алдын алу жүйелерінің тиімділігін, мүдделер қақтығысын басқаруды, ақпаратты дұрыс ашуды және клиенттермен келісімшарт жасамас бұрын негізгі ақпараттық құжаттардың сапасын тексеруге беріледі. Арнайы назар цифрлық сатылым арналарына аударылады: күрделі өнімдерге қол жеткізу кезінде инвесторларды алдын ала тестілеу механизмдерін бағалау, тәуекелдер туралы мінез-құлықтық ескертулердің (margin call және құбылмалылықты қоса алғанда) болуы, сондай-ақ клиент тәжірибесінің сапасының көрсеткіші ретінде өтініштерді өңдеу жүйелерінің жұмыс істеуі.

Осылайша, бақылау кезең-кезеңімен рәсімдерді формальды тексеруден тәуекелдерді басқару жүйесін және инвесторларға ықтимал зиянды болдырмауды мазмұнды бағалауға қайта бағытталады, бұл нарықтың ашықтығын арттыруға және қаржылық қызметтер тұтынушыларының құқықтарын қорғауды күшейтуге ықпал етеді.

3.8. Инфрақұрылымдық ұйымдарға бақылау

Бағалы қағаздар нарығының тұрақты қызметін қамтамасыз ету мақсатында Агенттік 2025 жылы бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымдық ұйымдарының қызметі мен қаржылық жағдайын бақылауды жүзеге асырды: «Қазақстан қор биржасы» АҚ, «KASE клиринг орталығы» АҚ және «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ.

2025 жылы жүргізілген талдау нәтижесінде Орталық депозитарийдің тәуекел матрицасы және оның операциялық тәуекел деңгейін мониторингтеу барысында Орталық депозитарий қызметіне орташа қарқынды бақылау режимі белгіленді.

Қор нарығы инфрақұрылымын жетілдіру аясында 2025 жылдың маусым айында «KASE клиринг орталығы» АҚ (бұдан әрі – КАСС) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясын алды. 2025 жылдың тамыз айында КАСС үшін оның қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру ерекшеліктері анықталды.

2024 жылдың желтоқсан айында британдық рейтингтік агенттік Thomas Murray КАСС-ке А+ рейтингін берді, бұл әлемдегі жоғарғы 30 орталық контрагенттің рейтингтерімен салыстырылатын деңгейде. Thomas Murray клирингтік қызметті реттеу CPMI-IOSCO «Financial Market Infrastructures» принциптеріне сәйкестігін де растады. 2025 жылы КАСС-ке халықаралық Fitch Ratings агенттігі тарапынан ұзақ мерзімді кредиттік рейтинг BBB- деңгейінде және «Тұрақты» болжамымен берілді, бұл оның қызметінің тұрақтылығы мен сенімділігін дәлелдейді.

3.9. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты бақылау шаралары мен санкциялар

2025 жылдың ішінде ПҰРҚБ-ны қашықтықтан бақылау аясында Агенттік тұрақты түрде RASS әдістемесі бойынша тәуекелдерді мониторинг жүргізді. Бұл әдістеме нарық қатысушыларын тәуекел деңгейі, кәсіби қызмет нәтижелері және қаржылық тұрақтылығы бойынша рейтингілеуге мүмкіндік береді, соның ішінде ПҰРҚБ-ның пруденциялық нормативтерді, басқа көрсеткіштер мен критерийлерді (нормативтерді) орындауын, бағалы қағаздар нарығындағы мәмілелерді манипуляция жасау мақсатында жасалған әрекеттерге тексеруді және бағалы қағаздар нарығындағы адал емес тәжірибелерді анықтауды қамтиды, сондай-ақ БАҚ-та шындыққа сәйкес келмейтін жарнаманы анықтау, кәсіби қызмет туралы міндетті ақпаратты ашу мәселелерін қарастырады.

Есептік кезеңде инспекциялық қызмет шеңберінде ПҰРҚБ-ға қатысты 5 тексеру жүргізілді, оның ішінде 1 жоспардан тыс тексеру, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы 1 БВУ қызметі тексерілді. Аталған тексерулер барысында бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыру тәртібін сақтау, қаржы құралдарымен мәмілелерді жүргізу, номиналды ұстауды есепке алу жүйесін жүргізу, клиенттердің инвестициялық портфелін басқару, ақпараттық жүйелер функционалына қойылатын талаптарды қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі, бухгалтерлік есепті автоматтандыру тәртібі және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Тексеру нәтижелері бойынша бағалы қағаздар нарығы, банктер мен банктік қызмет туралы заңнама, бухгалтерлік есепті автоматтандыру ережелері және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын, сондай-ақ ЖСК/ҚҚЗ заңнамасының талаптарын бұзу фактілері анықталды.

Қашықтықтан бақылау және инспекциялық тексерулер нәтижесінде ПҰРҚБ-ға қаржылық жағдайды жақсарту және/немесе тәуекелдерді азайту бойынша 31 жазбаша нұсқау түріндегі шара қолданылды, 24 ұсыныстық бақылау шарасы берілді, 145 әкімшілік құқық бұзушылық хаттамасы рәсімделді және жалпы сомасы 97,9 млн теңге көлемінде айыппұл салынды, сондай-ақ заңнама талаптары мен ПҰРҚБ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкестігін тексеру мақсатында 69 құжаттық тексеру жүргізілді, бұл заңды және жеке тұлғалардан түскен өтініштерге байланысты болды.

2025 жылдың ішінде ПҰРҚБ-ның 3 ай бойы шығынды қызметімен, өз капиталының және өтімді активтердің жеткіліктілік коэффициентінің төмендеуімен байланысты ерте шаралар қолдануды көздейтін 4 іс-шара жоспары мақұлданды.

2-БӨЛІМ. 2026 ЖЫЛҒЫ БАСЫМДЫҚТАР

4-тарау. Бағалы қағаздар нарығын дамыту

2026 жылғы 10 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет Басшысы Агенттік пен Ұлттық Банкке 2030 жылға дейінгі қор нарығын дамыту бағдарламасын әзірлеуді, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы туралы жаңа Заң жобасын дайындауды тапсырды. Негізгі міндет – реттеуші ортаны кешенді жаңарту және экономиканы тұрақты қаржыландыра алатын заманауи капитал нарығы архитектурасын құру.

4.1. 2030 жылға дейінгі қор нарығын дамыту бағдарламасы

2030 жылға дейінгі дамыту бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізгі мақсаты – жинақтарды ұзақ мерзімді инвестицияларға тиімді айналдыра алатын, компаниялардың өсімін қозғайтын және азаматтардың қаржылық әл-ауқатының негізі болып табылатын сапалы жаңартылған қаржы нарығын қалыптастыру. Бағдарлама шеңберінде 7 негізгі бағыт іске асырылатын болады.

Бірінші бағыт – инвестор базасын кеңейту. Өтімділіктің негізі – қатысушылардың әртараптандырылған құрамы. Институционалдық сұраныс бойынша зейнетақы активтерін басқару реформасы басталады, басқарушы компаниялардың мандаты кеңейтіледі, қаржы ұйымдарының корпоративтік құралдарға инвестициялық лимиттері қайта қаралады және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне рұқсат етілген активтер тізімі кеңейтіледі. Жеке инвесторлар үшін басымдықтар – қаржылық сауаттылық және цифрлық инклюзия.

Шетелдік инвесторларды тарту үшін Ұлттық Банк және Қаржы министрлігімен бірлесіп халықаралық депозитарийлермен тікелей байланыс орнату және Орталық депозитарийде тікелей шот ашу шаралары қабылданады, бұл елдің дамушы нарықтардың халықаралық индекстеріне толық кіруін қамтамасыз етеді. Аталған шаралар «ұзақ ақша» пулын қалыптастырып, құбылмалылықты азайтуға және нарық тереңдігін арттыруға мүмкіндік береді, оны банктік қаржыландырудың нақты альтернативіне айналдырады.

Екінші бағыт – жеке сектор компанияларының қор нарығына шығуын ынталандыру. Жеке бизнесті биржалық құралдарды белсенді пайдалануына тарту үшін «бір терезе» тұжырымдамасына өту, эмиссияны толық цифрландыру, сондай-ақ бағалы қағаздарды тіркеу функциясын Агенттіктен Орталық депозитарийге беру жоспарланып отыр. Шағын және орта бизнес компанияларын тарту мақсатында пропорционалды реттеу енгізіледі, ЖШС мен АҚ арасындағы аралық құқықтық форма жасалады және листинг талаптары дифференцияланады.

Бизнес тарапынан қор нарығына шығу міндеттемесін қабылдаған жағдайда қолдау шаралары мен субсидиялау мәселесі қаралады. Мемлекеттік қолдауға ие компаниялардың кезең-кезеңімен қоғамдық нарыққа шығуы олардың қызметінің ашықтығын арттырып, банктік кредиттеу жағдайларымен салыстырғанда бәсекелестікті теңестіруге мүмкіндік береді.

Үшінші бағыт – қор нарығы инфрақұрылымын жетілдіру. Инфрақұрылымның негізгі элементтері жаңартылады: биржа, орталық депозитарий, клиринг орталығы және кастодиалды ұйымдар. Сауда жүйесін жаңғырту аясында цифрлық қаржы активтерін шығару және айналымға енгізу платформасы іске қосылады, «тоқтаусыз клиенттік» жолға өту қамтамасыз етіліп, процедуралар толық автоматтандырылады – биометрия арқылы кіруден бастап жасанды интеллект негізіндегі сервистерді енгізуге дейін.

Клирингтік ұйымның функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту үшін клирингтік қызмет туралы арнайы заң жобасы әзірленеді, бұл халықаралық мойындауды қамтамасыз етеді және өтімділіктің ағымын арттырады. Орталық депозитарийді технологиялық жаңғырту шеңберінде корпоративтік іс-қимылдардың бір орталығы құрылып, кастодиалды қызметті дамыту үшін сенімді әмбебап инфрақұрылым жасалады.

Төртінші бағыт – қор нарығының жаһандық капитал нарықтарына интеграциясын арттыру. Ыңғайлы географиялық орналасу өңірлік хабты дамытуға мүмкіндік береді. Халықаралық бастамалар аясында Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия, Кавказ, ЕАЭО және Таяу Шығыс қатысушыларын

тарту жалғасады, қаржы құралдарын өзара қолжетімділікті жеңілдету, валюта тәуекелдерін хеджирлеу құралдарын дамыту және шетелдік алаңдармен биржалық көпірлерді кеңейту арқылы жүзеге асырылады.

Негізгі міндет – реттеуші кедергілерді жою. Биржа мен орталық депозитариймен бірлесіп, резидент емес тұлғалар үшін электрондық цифрлық қолтаңба енгізу және клиенттерді идентификациялау процедураларын халықаралық алаңдармен біріздендіру мәселелері қаралады.

Бесінші бағыт – жаңа қаржы өнімдері мен инновацияларды енгізу. Бұл әртүрлі санаттағы инвесторлардың өсіп келе жатқан сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік береді, икемді және әртараптандырылған құралдарды ұсынады. Коллективтік инвестициялау формаларын, цифрлық қаржы активтерін, дәстүрлі құралдарды токендеуді, исламдық бағалы қағаздарды шығару шарттарын жасау және көміртекті бірліктерді ұйымдастырылған саудалау енгізу бойынша ұсыныстар әзірленеді.

Жаһандық трендтерді ескере отырып, блокчейн технологиясын енгізу, платформалық шешімдерді жаңарту, алгоритмдік сауда және жасанды интеллект негізіндегі шешімдерді қолданыстағы инфрақұрылымға енгізу мәселелері қарастырылады.

Алтыншы бағыт – корпоративтік басқаруды дамыту. Тиімді корпоративтік басқару жүйесі нарықтың ашықтығын арттырады және инвесторлардың сенімін қалыптастыру арқылы инвестиция ағымын қамтамасыз етеді. Ірі бизнес үшін басымдық – халықаралық стандарттарға бағытталған ақпаратты ашу талаптарын оңтайландыру.

Шағын және орта бизнес үшін басты назар – ашықтықты арттыру: МСБ субъектілеріне есеп беру талаптарын енгізу, сондай-ақ компанияның қаржылық жағдайын нашарлататын шешімдер үшін басшылар мен иелердің инвесторларға жауапкершілігін қарастыру қарастырылады.

Жетінші бағыт – реттеуші және бақылау моделін кешенді жаңарту. 2026 жылдан бастап бағалы қағаздар нарығын бақылау кезең-кезеңімен 2025 жылы әзірленген және апробацияланған интеграцияланған тәуекелге бағдарланған модельге көшеді. Жаңа тәсіл формальды бақылаудан бас тартып, нақты тәуекелдерді басқаруды, бизнес-модельдердің тұрақтылығын және инвесторлармен өзара әрекет сапасын бағалауға басымдық береді.

Белгілі сарапшылармен бірлесіп, қолданыстағы заңнаманың өзектілігі бағаланып, жаңа бақылау архитектурасын ескере отырып, нарықты реттеуге жүйелік тәсіл қалыптасады. Жұмыс ішкі нарық пен халықаралық қаржы орталығының синергиясын қамтамасыз етуге, листингтік ұйымдарға қатысты кейбір бақылау функцияларын биржа арқылы делегирлеуді кеңейтуге және жүйелік тәуекелдерді анықтау мен бағалауға басымдық беруге бағытталады.

Ұлттық Банк басшылығымен үйлестіру органы құрылуы, қаржы құралдарына қолжетімділікті кеңейту бойынша биржаның функцияларын арттыру, сондай-ақ биржа негізінде сотқа дейінгі арбитраж және медиация орталығын құру мәселесі қарастырылады. Жаңа модель шеңберінде реттеуші корпоративтік басқаруды, бизнес-процестерді және инвестор мүдделерін қорғауды мазмұндық бағалауға шоғырланып, реттеудің икемділігін арттыруға,

нарыққа сенімді күшейтуге және оның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4.2. Бағалы қағаздар нарығы туралы жаңа Заң жобасын әзірлеу

Бағдарламаны іске асыру үшін бағалы қағаздар нарығы туралы жаңа Заң жобасын әзірлеу жоспарланып отыр.

Алдыңғы қатарлы халықаралық және Қазақстандық сарапшылармен бірлесіп қолданыстағы заңнаманың кешенді ревизиясы жүргізіледі. Қазіргі уақытта бағалы қағаздар нарығындағы қызмет 12 заңнамалық актімен реттеледі. Жаңа Заң жобасын әзірлеу аясында қолданыстағы талаптардың өзектілігі бағаланады, қайталанатын және артық нормалар алынып тасталады, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын реттеуге арналған біртұтас, жүйелік базалық тәсіл қалыптастырылады.

Халықаралық қаржы реттеушілерінің тәжірибесін ескере отырып, реттеуші ортаны «Principles based regulation» принциптері негізіндегі гибриді модельге жаңарту ұсынылады, қажет болған жағдайда «Rules based regulation» ережелерінің элементтері сақталады. Мұндай тепе-теңдік формальды нұсқауларды орындаудан нақты мақсаттарға – инвесторлардың мүдделерін қорғауға және нарықтың ашықтығын қамтамасыз етуге – басымдық беруге мүмкіндік береді.

Бағалы қағаздар нарығы туралы жаңа Заң жобасын әзірлеп, осы жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу жоспарланып отыр.

5-тарау. 2026 жылғы бақылау циклі

5.1. Бақылау бағалауының жаңа жүйесін енгізу жоспары

Пилоттық жобаның нәтижелері бойынша негізгі бақылаулар, анықталған тәуекелдер және оларды азайтуға қатысты ұсыныстар қамтитын аналитикалық есеп дайындалып, жарияланады, ол нарық үшін бірыңғай бағыттарды қалыптастырып, бақылау бойынша күтілетін нәтижелердің ашықтығын арттырады.

Сонымен қатар, 2026 жылы басымдық Агенттік лицензиясына ие барлық брокерлік ұйымдар мен инвестициялық портфельді басқару ұйымдарына жаңа бақылау бағалау моделін масштабтау болады, бұл уақытта әдістемелік және нормативтік базаны дамыту да қатар жүргізіледі.

Жүйелі тәсілдерді қамтамасыз ету және бақылау процедураларының ашықтығын арттыру мақсатында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына бақылау бағалауын жүргізу бойынша ішкі нұсқаулық әзірленіп, бекітіледі. Бұл нұсқаулық модельді қолдану тәртібін, деректерге қойылатын талаптарды, сондай-ақ қорытындыларды қалыптастыру және бақылау шешімдерін қабылдау алгоритмін айқындайды.

Модельді масштабтау және бақылау бағалауы нәтижелерін талдау негізінде брокерлік, дилерлік қызмет пен инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың тәуекелдерді басқару және ішкі

бақылау жүйесіне қойылатын талаптарды жетілдіруге қатысты нормативтік-құқықтық актілерге ұсыныстар әзірленеді.

5.2. Алготрейдинг пен сауда платформаларына пруденциялық реттеу мен бақылауды күшейту

2026 жылы Агенттік бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты пруденциялық реттеуді жетілдіреді, бұл брокерлер мен (немесе) дилерлер үшін, сондай-ақ зейнетақы активтерін басқару қызметін жүзеге асыратын компаниялар үшін пруденциялық нормативтерді қайта қарауды қамтиды. Агенттік омнибус-шоттарды және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымдарында ашылған шоттарды қолданатын субъектілер үшін өз капиталына қойылатын талаптарды арттыруды жоспарлап отыр.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына арналған алгоритмдік сауда мен сауда платформалары жүйесін дамыту аясында Агенттікке сауда платформаларына енгізілген өзгерістер туралы хабарлау талаптарын белгілеу, сондай-ақ 2025 жылы енгізілген алгоритмдік сауда бойынша есептілікті бақылау қызметі шеңберінде талдау және пайдалану қарастырылған.

5.3. Бақылау шараларын кеңейту және лицензиясы жоқ субъектілердің заңсыз қызметіне қарсы іс-қимыл

Агенттіктің бақылау шараларын қолдану өкілеттіктерін кеңейту қарастырылып отыр, оның ішінде тек басшылық қызметкерлерді ғана емес, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметіне елеулі ықпал ететін басқа тұлғаларды да қызметінен уақытша алу мүмкіндігі қарастырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында жалған брокерлер мен басқа да заңсыз нарық қатысушыларының жарнамаларын блоктау механизмдерін жасау және енгізу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, Агенттік келесі өзгерістерді енгізуді жоспарлап отыр:

- бастапқы қоғамдық орналастырулар (IPO) кезінде ақша қаражаты мен (немесе) бағалы қағаздарды алдын ала депозитке қою талаптарын алып тастау;
- инсайдерлік ақпаратқа қойылатын талаптарды сақтау бойынша бақылауды күшейту, соның ішінде бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына инсайдерлер тізімін жасау, жүргізу және жаңартуда жауапкершілікті арттыру;
- бақылау шараларының тиімділігін арттыру үшін Агенттіктің жазбаша нұсқауына шағымдану оның орындалуын тоқтатпайтынын бекіту.